

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2005 жылғы 1 қыркүйектегі)


Сақтандыру сыйлықақылары

Ағымдағы жылдың тамыз айындағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 5 456,8 млн. теңгеге ұлғайды және 2004 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 55,8%-ке көп болып, 42 102,7 млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.09.2004ж.	01.09.2005ж.		<i>млн. теңге</i>
		Сомасы Сумма	Үлесі %, доля, %	1.08.2004ж. салыстырған дағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.09.2004г., в %
Барлығы, оның ішінде:	27 025,9	42 102,7	100,0	55,8
Міндетті сақтандыру бойынша	2 880,1	8 404,2	20,0	191,8
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	2 741,2	5 202,0	12,3	89,8
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	21 404,6	28 496,5	67,7	33,1

Кестені қарағанда, 2005 жылғы 1 қыркүйекте міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 191,8%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 89,8%-ті, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 33,1%-ті құрады.



2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсу құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақыларының түсімінің - 39,8% (3 342,4 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен түсімге, 38,6% (3 247,0 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру бойынша, 10,6% (891,0 млн. теңге) өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша, 7,4% (621,9 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян кетіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша болып келеді.

ерікті жеке сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақылары түсімінің - 44,9% (2 333,3 млн.теңге) жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша түскен түсімге, 38,3% (1 990,0 млн. теңге) медициналық сақтандыру бойынша, 15,7% (815,1 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақылары түсімінің - 36,5% (10 395,5 млн. теңге) мүлікті сақтандыру бойынша түскен түсімге, 29,5% (8 395,5 млн. теңге) зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша, 9,5 (2 713,5 млн. теңге) жүктерді сақтандыру бойынша және 9,4% (2 691,8 млн. теңге) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша болып келеді.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	<i>млн. теңге</i>				
	1.09.2004ж.		1.09.2005ж.		1.09.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	27 025,9	100,0	42 102,7	100,0	55,8
Өмірді сақтандыру	357,8	1,3	828,5	2,0	131,6
Жалпы сақтандыру	26 668,1	98,7	41 274,2	98,0	54,8

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 828,5 млн. тенге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен салыстырғанда 131,6%-ке көп. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күнге 2004 жылғы 1 қыркүйекпен салыстырғанда 1,3%-ке қарсы 2,0% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2005 жылдың 8 айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 41 274,2 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың осындай кезеңінен 54,8%-ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру сыныптары арасында мынадай сыныптарды айтуға болады:

"мүлікті сақтандыру" сыныбы – 25,2% (10 395,5 млн. теңге);

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" сыныбы –20,3% (8 395,5 млн. теңге);

"қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 8,1% (3 342,4 млн. теңге).

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 7,9% (3 247,0 млн. теңге);

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша, өткен есепті күндермен салыстырғанда, үлесіне сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 57,9% келетін негізгі 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: «Еуразия» СК» АҚ-ы –21,2%, «Қазақшөтсақтандыру» ШСК» АҚ –13,1%, «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ – 8,1%, «Алматы халықаралық сақтандыру тобы» СК» ААҚ – 7,8%, «Amanat insurance» СК» АҚ – 7,7%.

ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 23,1% (9 720,4 млн. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 14 593,1 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 34,7% болып отыр. Бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 27,8%-і беріліп отыр.

Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.09.2004ж		1.09.2005ж	
	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы дағы үлесі, %-пен	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы дағы үлесі, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	12 130,8	44,9	14 593,1	34,7
Резидент еместерге	11 437,9	42,3	11 706,7	27,8
Резиденттерге	692,9	2,6	2 886,4	6,9

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 96,2% алды. Міндетті сақтандыру бойынша - 2,6%, ерікті жеке сақтандыру бойынша - 1,2%.

Сақтандыру төлемдері.

2005 жылдың сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 43,2%-ке арта отырып, 5 922,7 млн. теңге болды. Сонымен бірге, қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру есебінен өтеп отырған сақтандыру төлемдерінің үлесі 8,5% (503,6 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері


Сақтандыру төлемдері	1.09.2004ж.	1.09.2005ж.		1.09.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	4 134,8	5 922,7	100,0	43,2
Міндетті сақтандыру бойынша	1 761,9	2 009,7	33,9	14,1
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	801,6	993,4	16,8	23,9
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 571,3	2 919,6	49,3	85,8

1.09.2005 жылғы жағдай бойынша сақтандырудың сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 99,5% (1 999,8 млн. теңге) болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 84,3% (837,9 млн. теңге) - медициналық сақтандыру төлемдеріне келеді, жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша 10,9% (108,5 млн. теңге) және 4,2% (42,1 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша келеді.

ерікті мүлдіктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 34,4% (1 005,5 млн. теңге) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша, 25,0% (729,1 млн. теңге) - автомобиль көлігін сақтандыру бойынша және 15,0% (436,5 млн. теңге) мүлдікті сақтандыру бойынша келеді.



2005 жылдың сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 33,8%-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы) шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 қыркүйектегі 66,6%-ке қарсы, 61,6%-ті құрады.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша міндетті сақтандыру бойынша тұтас алғанда шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 61,2%-тен кеміп, 23,9% болды. Бұл бәрінен бұрын, міндетті сақтандырудың жаңа түрлерінің пайда болуымен және олар бойынша түскен сақтандыру сыйлықақылар түсімінің серпінді өсуімен негізделді.

Ерікті жеке сақтандыру сыныбы бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы осындай күндегі 29,2%-ке қарсы, 19,1% болды

Ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша шығын коэффициенті ұлғайды және 2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 7,3%-ке қарсы 10,2% болды.

Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті 14,1 % болды.

Шығын коэффициенті

Сақтандыру қызметінің түрлері	Шығын коэффициенті, %	
	1.09.2004ж.	1.09.2005ж.
Барлығы, оның ішінде:	15,3	14,1
міндетті сақтандыру бойынша	61,2	23,9
ерікті жеке сақтандыру бойынша	29,2	19,1
ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	7,3	10,2

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 37 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 3 - өмірді сақтандыру бойынша, 5 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 10 сақтандыру брокері, 28 актуарий және сақтандыру ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялары бар 36 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.09.2004ж.	01.09.2005ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	36	37
Резидент еместердің қатысуымен	7	5
өмірді сақтандыру бойынша	2	3
Сақтандыру брокерлерінің саны	7	10
Актуарийлер саны	30	28
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	36

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры” АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 30 302,0 млн. тенге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен (01.09.2004ж. – 20 103,5 млн. тенге) салыстырғанда 50,7%-ке көп болды.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша барлық сақтандыру ұйымдары меншікті капиталдың жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындады.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.09.2004ж.	1.09.2005ж.	1.09.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
Жиынтық активтер	37 600,0	60 444,8	60,8
Міндеттемелер	12 045,5	22 152,5	83,9
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	9 150,8	17 872,1	95,3
Басқа да міндеттемелер	2 894,7	4 280,4	47,9
Меншікті капитал (баланс бойынша)	25 554,5	38 292,3	49,8

Есепті күнге "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 7,2%-і болды. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы "жалпы сақтандыру"

және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 1,0%-ін құрайды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2005 жылғы 1 қыркүйекте 60 444,8 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 қыркүйектегі осындай көрсеткіштен 60,8%-ке көп, оның ішінде:

Активтер	1.09.2004ж.		1.09.2005ж.		1.09.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі%	Сомасы	үлесі%	
Ақша	1 171,6	3,2	4 397,8	7,3	275,4
Орналастырылған салымдар	4 920,7	13,1	11 194,7	18,5	127,5
Бағалы қағаздар	21 374,9	56,8	28 470,3	47,1	33,2
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	4 332,1	11,5	6 011,9	9,9	38,8
Негізгі қаражат	1 739,5	4,6	2 017,0	3,3	16,0
Материалдық емес активтер	52,8	0,1	92,6	0,2	75,4
Басқа дебиторлық берешек	1 872,4	5,0	2 183,2	3,6	16,6
Басқа активтер	2 136,0	5,7	6 077,3	10,1	184,5
Активтер жиынтығы	37 600,0	100,0	60 444,8	100,0	60,8

Жалпы алғанда, 2005 жылдың сегіз айында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 37,1%-ке (16 350,1 млн. теңгеге) өсті.

Міндеттемелер. 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 83,9%-ке өсе отырып, 22 152,5 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 17 872,1 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтер көлемінен 95,3%-ке артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 11 789,4 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.01.2004ж.	01.01.2005ж.	01.09.2005ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	4 449,8	5 542,0	6 397,0 ¹
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,65	0,72	0,66 ²
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,30	0,53	0,60
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,47	0,80	0,94
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 931	2 665	2 807

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

¹ - 2005 жылға болжам деректер

² - 2005 жылғы қаңтар-тамыз аралығында алған сақтандыру сыйлықақылар